

Білгір басшы және үйымдастырушы облыс басшылығы Сапар Ысқақовты 1971 жылы облыстық атқару комитетінің күрделі күрылымс басқармасының бастығы етіп тағайындауды. Ал, 1977 жылы облыстық партия комитеті оны село күрүлесі жүйесіне қызметкі жібереді. Алғашысында басқарма бастығы, сосын «Тургайсельстрой-15» тресінің бас инженері болады. Ал 1981-1983 жылдар ара-лығында Алматы және Атырау қалаларында ер түрлі күрылымс үйимдарында басшылық қызметінде болады.

Республикаға танымал күрылым саласының ірі үйимдастырушыларының бірі Сапар Ысқақов 1983 жылы Қазақ ССР-нің ауыр күрылым министрлігінің жүйесіне ауысады. «Тургайалюминстрой» тресіне қарасты күрылым басқармасының бастығы, трест басқарушысының орынбасары лауазымдарын атқара-ды. 1987 жылдан 1990 жыл ара-лығында «Казмендеу тұрғын үй жобасы» жобалау институ-тының директоры болып жұмыс істеген.

Күрылым саласындағы ерен енбектері үшін Сапар Ысқақов Республикасының селолық күрылым және ауыр күрылым министрлігінің, сондай-ақ Торғай облыстық атқару комитетінің Күрмет грамот-таларапмен марапатталған. Атақты күрылышы ретінде ол «Қазақ ССР-нің еңбекі сіңген күрылышшысы» атагына үсыннылады. Бүгінгі таңда оның күрылым саласындағы еңбек-ті турагында астам экспонаттары Арқалық қалалық олкетану мұражайында және Амангелді селосындағы А. Иманов атындағы мұражайда сакталған.

Ол қазақстандагы, Таңу Шығыстагы, Кипрдегі, Монго-лиядагы, Солтүстік Африка мен Еуропадагы және тағы басқа да көптеген ғылыми экспедициялардың демеушісі.

Сапар Ысқақов отбасымен бірге Еуропаның, Азияның, Африканың, Американың, Австралияның және Антарктиданың (Оңтүстік полюс) 130-дан астам еліне, яғни, барлық алты күрылышқа саяхат жа-саған.

Ол Археология ғылыми-зерттеу институты жур-гизетін археологиялық жұмыстарды қаржыландырады. Қ.Ақышев Астана манында (Ежелгі Водак қонысы) және Маныстау облысында Устірт устірінде; археолог В.Воло-



шиннің Ақмола облысында жүргізген археологиялық жұмыстарды (2,5-3 миллион жылдық ежелге адамдардың орны) сондай-ақ Торғай облысында аумагында геолифтерді (2000-3000 ж.ж.) зерттеу (2010 ж.) бірнеше ғылыми енбектерді шығаруға дайындалған. 2016 жылдан бастап, ол археолог З.Самашевтың Торғай еңірі аумагында жүргізген археологиялық жұмыстарын (Рұндар кезеңінде-гі қорғандарды қазу) қолдап, қаржыландыруды. 2017 жылы Сақа қорғанында қазба жұмыстарын жүргізген.

Сапар Ысқақов 2003 жылдан бастап кайырымдылық іске белсene араласады. Әсіресе, сол кезде елордада қазақ азаматтарының арасында атынтай жомарттық, езіндік деңгейге көтерілмеген болатын. Торғай елінің тұмасы біреуге қол үшін беріп, көмектесуді өз азлетінің үрпақтан үрпақда жалғастырып келе жатқан дәстүрі деп біледі. Қалтамы азаматтардың назарын езінің қайырымдылық шараларына аударту мақсатында

«Тілеп» кайырымдылық қорын курады. Ең алдымен мүгедектер мен жасы үлгайған карттарға, жетім балаларға көмектесе бастайды. Ал 2004 жылы жетім балаларға арнап отбасылық «Дәмелі» атты балалар үйін үйимдастырып, барлық шығынын өз мойнына алады. Өз қаражатының есебінен Астана қаласындағы «SOS Киндердорф» балалар ауылының аумагында екі коттедж салып пайдалануға берген.

Халық айтса қалып айтпайды. «Жапалақ басып жейді, сұнқар құс шашып жейді», - демекші, колы ашық азамат Сапар Ысқақұлы тапқан-таянғанын тек езімे ғана болсын демейді, ардайым халқыма болсын дейді.

Тұган елі мен жерін, мадениеті мен өнерін осылайша Сапар Ысқақұлы секілді терен сүйеттін азаматтар көп болса келешегіміздің кемел болатыны сезіз.

Айгүл НУРЕКИНА,
Арқалық оңғарлік архивінің
жогарғы санаттагы
архивисі.

Жиһангер

Жер шарын аралап келе жатқан ғажап саяхатшы, XXI ғасыр жиһангері, көсілкер, меценат, мамандығы инженер күрылышы, ісі қайырымдылық, ермегі саяхат, жетістігі Қазақстан Республикасы президентінің Құрмет грамотасының иегері, «Жыл адамы», «Алтын адам», «Жыл потрио-ты», «Ғасыр меценаты», еліміздің күрылыш саласына қосқан ерек-ше үлесі үшін «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген күрылышшысы» атағын алған, Халықаралық, «Меценаттар академиясының», «Туризм және спорт академиясының» академиктері, онтүстік пен солтүстік полюстерге еліміздің көк байрагын желбіреткен азамат, «Империя» орденінің иегері, жерлесіміз Сапар Ысқақов - 80 жаста.

Сапар Ысқақұлы 119 кунде жер шарын көмемен кезіп

шыққан, қазақ елін насхаттау мен айналысқан. Авторлық жобасы «Ұлы Даладағы Мәңгілік ел» экспедициясы аясында 40-50 елде болған. Балалар мен жасоспірімдер туризмін дамытқаны үшін бірнеше елдің жогарғы марапаттарына ие болған жерлес азамат.

Қазақтың тұлғасы биік, талғамы парасатты, атынтай жомарт азаматы Сапар Ысқақов 1941 жылы 5 тамызда Қостанай облысы, Амангелді селосында кызметші отбасында дүниеге келген.

1965 жылы Караганды политехникалық институтын бітіріп «инженер- күрылышы» дипломын алды. Сол жылы Мәскеу инженер-күрылыш институтында «Күрылыштагы экономика және қаржы» мамандығына да ие болады. Караганды қаласында үш жыл бойы үй күрылышы комбинатында инженер-конструктор қызметін атқарады. Осы жылдары жас күрылышшы көп тәжірибе жинақтайды, әртурлі сымак жұмыстарына қатысады. Күрылыш технологиясының небір қыр-сырын үйренген. Орталық Қазақстан-дагы ең ірі күрылыш кәсіпорнында сол кездерде қара көз азаматтар сирек болатын. Өзінің білімдарлығымен және тиинакты - қылышымен өзін-

дік абырай-беделге ие болып жүрген Сапар Ысқақов «Правда» газетінен Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Оразалы Қозыбаевтың «Торғай шақырағы» деген мақаласын оқиды. Үлкен табиғиете болып, туган жерге деген патриоттық сезімі оянады. Жас күрылышшы жастық пен арман қала атанған Арқалыққа келеді. Бұл 1968 жыл еді. Сапар Ысқақовтың Торғай жеріндегі нағыз өмір жолы осылай басталады.

Ол «Тургайалюминстрой» трестіне мастер болып орналасады. Алғашқы күннен оның өз ісіне деген үқыптылығы, біліктілігі біліне бастайды. Күрылышшылар арасында өзіндік құрметке боленеді. Қыска мерзім ішінде Сапар Ысқақов прораб, монтаждау участкесінін бастығы дарежесіне көтеріледі.

1970 жылдын қараша айында Торғай облысы ашылып, оның орталығы Арқалық қаласы болып жарияланады. Арқалық қаласының Бас сәулетшісі Сапар Ысқақов бұл хабарды зор куанышпен қабылдайды. Жаңа облыстың орталығы күрылыш алаңына айналады. Ол барлық күш-жігерін, білімін туган қаласының гүлдене түсінен жүмсайды.

Жалғасы 6 беттіне